



Автор: Злиха Сембаева Асқарқызы

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 10-сынып

Бөлім: Тәуелсіздікке жол және ұлттық мемлекеттіліктің қайта жаңғыртылуы

Тақырып: Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі (2 сабақ)





Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	10.3.4.2 қазақ халқының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру үшін жүргізген күресін зерттеу; 10.3.4.3 Түркістан (Қоқан) және Алаш автономиясы түрінде мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру тарихын зерттеу
Сабақтың мақсаты:	Алаш және Түркістан (Қоқан) автономиялары негізінде мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру тарихын зерттейді, баға береді;
Тілдік мақсаттар:	1) 1)... туралы пікірталасқа қатысады (айтылым, тыңдалым) 3) қысқаша қорытынды резюме\ зерттеу жұмысын жазады (жазылым) Пән лексикасы және терминология: Егемендік, автономия, унитарлы мемлекет Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер; Қазақ зиялыларының саяси көзқарастары....
Күтілетін нәтиже:	Мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы қазақ халқының күресі белгілі тарихшылардың зерттеулері негізінде талдап, маңызын қысқаша қорытынды резюме жазады.
Бағалау критерийлері:	Оқушылар: Талдау -Отаршылдық саясатқа қарсы қарулы көтерілістер «НІРР формуласы» талдайды -Ғалымдардың зерттеулері негізінде қазақ автономияларының мемлекеттік егемендікті қалпына келтіру жолындағы күресіне зерттеу жасап, баға береді
Құндылықтарды дарыту:	-патриотизм -ұлттық сана -сезім -төзімділік -бостандық
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Берілген интернет ресурстарды пайдалана отырып қажетті ақпаратты іздеу және өңдеу дағдылары
Пәнаралық байланыс:	Жалпы тарих, география.
Бастапқы білім:	Қазақстан жерінің Ресей империясына қосылу тарихын біледі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы
(5мин)

Б. Барлық оқушыға төмендегі суретті көрсете отырып, ой шақыру ұсынылады.

XVIII-XIX ғасыр	XX ғасырдың басы
	
	

- Суреттерді қандай оқиға байланыстыруы мүмкін?
- Сізді не ойландырды?
- Қандай ой
- тұжырым жасадыңыз?

М. Туындаған сұрақтарға жауап беру арқылы түсіндіріледі. Қазақ халқы үш ғасырға созылған ел егемендігінен айрылған кезеңді басынан кешірді. Осы дәуірде қазақ қозғалыстары халықтың ұлттық мүддесін қорғап, егемендікке ұмтылыстың көрінісі болатын. Қазақ ұлт-азаттық күресінің эволюциясы нәтижесінде екі негізгі түрі қалыптасты. Біріншісі - орыс отаршылдығы мен кеңестік күштеу саясатына қарулы көтерілістер түрінде Сырым, Жоламан батырлар, Ғұбайдолла, Саржан, Кенесары сұлтандар, Жанқожа, Исатай мен Есет батырлар басқарған көтерілістер. Екіншісі - қазақ ұлт-азаттық күресінің жаңа көрінісі, жаңа деңгейі еді. Бұл Алаш қозғалысынан көрініс тапты. Алаш зиялылары басқарған қозғалыс - ұлт-азаттық күрестің жаңа белесі еді. Бұл либеральдық-демократиялық күрестің жолы еді. Алаш зиялылары ұлт-азаттық күресті жаңа, либералдық деңгейге шығара алды. Енді күрес митингтер, петициялар мен басылым беттерінде жарық көрген саяси талаптар мен үндеулер ретінде көрініс тапты.

<p>Сабақтың ортасы (30мин)</p>	<p>Ж. «Әріптестік» тәсілі арқылы жұмыс жүргізу. Әр оқушыға сұрағы немесе жауабы бар қағаз таратып оқушылардың сынып ішінде жүріп, сұраққа сәйкес келетін жауапты іздеуін ұйымдастырыңыз.</p> <p>Мысалы: сұрағы: Қазақтардың Ресей бодандығын қабылдауының салдары қоғамда қандай саяси өзгеріс әкелуі мүмкін еді? жауабы: Қазақ даласында ұлт-азаттық қозғалыстардың басталуына алып келді.</p> <p>сұрағы: Қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыстар қалай жалғасын тапты? жауабы:Сырым Датұлы, Кенесары Қасымұлы т.б. қарулы көтерілістер басталды</p> <p>сұрағы: Отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық көтерілістердің жалғасы ХХ ғасырда қалай көрініс тапты? жауабы: Қазақ зиялыларының ұлт-азаттық күресі либерал-демократиялық сипатқа ұласты.</p> <p>Ж. Зерттеу мен талдау Жұптық жұмыс кезінде отаршылдық саясатқа қарсы қарулы көтерілістер туралы мәтіндер үлестіріліп, талдау жасалады.</p> <p>Мысалы: Мәтін Қазақта ел үшін, жер үшін басын саудаға тігіп, ат үстінен түспей, екі оттың ортасында қалса да, халықты қалай құзға құлатпай, жарға жықпай, аман алып қаламын деген ерлер жетерлік. Солардың ішінде ұлт алдында мәртебесі бөлек, қадірі ерекше, құрметке айрықша бөленетін бір тұлға бар. Ол – Хан Кене, Кенесары Қасымұлы. Кенесары атын атауға тыйым салған сонау кеңестік кезеңнің өзінде әйгілі жазушы Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» тарихи романын жұрт басына жастанып оқыған. Тарихшы Ермұхан Бекмахановтың ерлігімен де таныс. Хан Кененің ерлігі мен өрлігі сонау ілкі заманда қазақ жеріне саяхаттап келген талай зерттеушінің де құлағына тиген.Мысалы, ағылшын зерттеушісі Томас Аткинсон «Кенесары қазақтардан ғажайып жауынгерлер даярлады. Найза мен айбалтаны тамаша игерген, шапшаңдығына көз ілеспейтін жігіттері өзінен күші басым жаудан қаймықпай соғысып, жеңіп шыға беретінін естігенім бар. Егер білікті офицерлері болса, қазақтар әлемдегі ең әйгілі атты әскер құрар еді. Оларға тарихта даңқы асқан Шыңғыс хан жиһангерлерінің керемет қасиеттерінің бәрі тән» деген екен.«Алашта Кенекеме ер жетпейді!». Мағжан Жұмабаевтың жыры ойға оралған сайын тарихи шындыққа тағы бір мәрте қаныға түсеміз. Қазақтың соңғы ханы, ұлт-азаттық көтерілістің көсемі... Кенесары хан бастаған көтеріліс - қазақ халқының мемлекеттігін және жерін қорғау, этникалық біртұтастығын сақтау жолындағы күрес болатын.</p> <p>Бүркітбай Аяған, Мемлекет тарихы институтының директоры: Кенесары - қазақ елінің соңғы ханының бірі болды. Оның күресі - елі үшін күрес.</p> <p>Көшпенділердің Алтын Орда кезінде дүркіреп, бүкіл Еуразияны - Варшава, Киев, Мәскеу, Қырымды алған ұлы мемлекеттердің соңғы тұяғы қазақ хандығы болатын. Сол көшпенділер өркениетінің соңғы қорғаушысы ретінде Кенесарыны ардақтауымыз керек. Оған ешқандай құман болмауы керек. Кенесары хан бастаған көтерілістің басты ерекшелігі – қазақтың барлық аймағын қамтуы. Халық қолдағанымен, өкініштісі, патша өкіметіне қызмет ететін өз ішімізден шыққан кейбір бай, сұлтандар қарсы болды. Егер саяси тәуелсіздік болмаса, империяның құрамына сіңіп, жоқ болатынымызды Кене хан жақсы түсінді. Оның тұлғалық қасиеті ұлттық мемлекет құру мұратымен ерекшеленеді. Мәмбет Қойгелді, тарих ғылымдарының докторы: Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс қазақ халқының басын біріктірген ұлттық идея бар екенін, ортақ мүдде бар екенін көрсеткен көтеріліс болатын. Кенесары көтерілісі сол ортақ мүдде, ұлттық идеяға қазақтың басын қоса алды. Тағы бір мәселе ол - ғазиз бабамыздың бас сүйегіне қатысты. Бірнеше болжам, алуанпікір бар. Сонау тоқсаныншы жылдардан бері осы іспен айналысып жүрген зерттеуші тың деректі алға тартады. Кенесарының ұлт-азаттық көтерілісте қандай қолбасшы, тарихта қандай ұлы тұлға болғандығы туралы орыс тарихшысы Н.Середаның өзі былайша тамсана ой толғайды: «Кенесары өз жасақтарының мәртебелі әміршісі бола білді. Оның рухы дем берген жауынгерлерге еуропалық әскер қолбасшыларының өзі қызығар еді. Жортуылда жолындағының бәрін жайпайтын дала дауылындай екпінді де тегеурінді. Кенесары ешбір бөгет алдында кідірмейтін, қайта кездескен кедергі оның қайрат-жігерін жанып, шамырқандыра түсіп, көздеген мақсат жолындағы тос-қауылдарды талқандар керемет күш бітіріп, одан сайын өңшелеңдіріп жіберетін. Кенесарының бойындағы күллі осындай</p>	
------------------------------------	---	--

Сабақтың соңы (4мин)	Үй жұмысы: «Қазақ халқының мемлекеттік егемендік жолындағы күресі қалай жүзеге асырылды?» - деген тақырыпқа эссе жазуға тапсырма беріледі (150-200 сөз)	
Рефлексия (1мин)	Кері байланыс: - Не таң қалдырды..... - Менің сұрағым бар...	